ONTÚSTIK QAZAQSTAN
MEDISINA
AKADEMIASY
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ

SOUTH KAZAKHSTAN
MEDICAL
ACADEMY
АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»

**«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы медицина колледжі**

# ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚҚА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛЫҚ

Мамандығы: 09130100 «Мейіргер ісі»
Біліктілігі: 5АВ09130101 «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры»
Оқу түрі: күндізгі
Оқытудың нормативтік мерзімі: 1 жыл 6 ай
Циклдар мен пәндер индексі: ТК
Курс: 2
Семестр: 3
Пән: «Коммуникативті дағдылар»
Барлық сағат/кредит көлемі KZ: 48/2

Шымкент, 2024 ж.

Әдістемелік нұсқаулық «Коммуникативті дағдылар» пәнінің жұмыс бағдарламасы негізінде құрастырылып, кафедра мәжілісінде бекітілді.

Хаттама № 1 « 27 » 08 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі _____________ Серикова Б.Д.

## 1 – сабақ

**1. Тақырыбы:** Кіріспе. Коммуникативті процесс, дағдылар туралы түсінік.

**2. Мақсаты:** Коммуникация туралы түсінік беру. Әртүрлі жағдайларда медицина қызметкерінің науқаспен, оның туысқандарымен, әріптестерімен тиімді қарым-қатынас орнатуына қажет дағдыларды қалыптастыру және дамыту.

**3. Студент білуі тиіс:**

Коммуникация арнасын, коммуникатор қызметтерін

**Студент істей білуі тиіс:**

Коммуникативті процесс пен дағдыларын

**4. Негізгі сұрақтар:**

- Дәрігер мен науқас қарым–қатынас аспектісі неде?
- Дәрігер мен науқас жүйесінде коммуникативтік дағдылардың негізгі принциптері?
- Айқын және жасырын науқастың қажеттілігі мен үрейін қалай білесіз?

**5. Білім берудің және оқытудың әдістері (шағын топтар, пікірталас, жағдайлық есептер, жұптасып жұмыс істеу, презентациялар, кейс-стади және т.б.):**

1. Тақырып бойынша сұрақтарды колдана отырып отырып, тақырыпты талдау.
2. Кіші топтармен жұмыс істеу.
3. ТСО-дан қолдану ( ПК, мултимедиалық проектор) сабақ тақырыбын презентациялау.
4. Ситуациялық есептерді шешу.
5. Тақырып бойынша тестерді шешу.

**6. Әдебиеттер:** Соңғы бетті қараңыз.

**7. Бақылау (тесттер, есептер және басқалар)**

**Тесттер:**

1. Коммуникация арнасы деп ... айтады.
A. жіберушіден қабылдаушыға ақпараттың жүру жолын
B. науқаспен медицина қызметкерінің арасындағы қатынасты
C. адамдардың жанасуын
D. коммуникативтік үрдісті
E. ақпаратты қабылдаушы адамды

2. Коммуникативтік білгерлікке ... жатады.
A. вербальды және вербальды емес тәсілдерді нәтижелі қолдана білу
B. басқа адамдармен байланысу, қарым-қатынас орнату
C. қатынасу үшін белгі жүйесі ретінде сөзді пайдалану
D. тілден басқа белгілерді қосымша пайдалану
E. адамдардың өзара қатынасқа түсуі

3. Императивті қатынаста ... көрінеді.
A. авторитарлық және директивтік әрекет жасау
B. алдау арқылы қатынас жасау
C. ұстамдылық көрсетілу, тепе-теңдік жағдайы
D. партнерды түсініп қатынас жасау
E. тәрбие негізінде тұлға аралық қатынас орнату

4. Диалогтық қатынаста:
A. ұстамдылық көрсетіліп, тепе-теңдік жағдайы туады
B. авторитарлық және директивтік әрекет жасалады
C. алдау арқылы қатынас жасалады
D. партнерды түсініп қатынас жасалады
E. бұйрық және әмір түрінде қатынас жасалады

5. Коммуникатор:
A. ақпаратты қабылдаушы адам
B. адамдармен байланысу
C. ақпаратты жіберуші адам
D. науқас адам
E. медицналық қызметкер
6. Оң эмоционалды қатынас түріне ... жатады.
A. симпатия
B. эмпатия
C. сезім
D. достық
E. сенім
7. Науқастың жан дүниесін көре білу қабілеті, оның сезімдерін жеткізе білу ... деп аталады.
A. эмпатия
B. асимпатия
C. сенім
D. сезімдер
E. гипнотизм
8. Ара қатынастың ішкі құрылысына ... жатады.
A. коммуникация, перцепция, интеракция
B. коммуникация, интеракция, апперцепция
C. интеракция, апперцепция, перцепция
D. синестезия, коммуникация, перцепция
E. апперцепция , коммуникация, интеракция
9. Қарым-қатынас жасауы арқылы науқастың ойларымеен, көңіл-күйімен және мүдделерімен танысуы, хабардар болуы нәтижесінде әрекеттесуі... деп аталады.
A. коммуникативтік үрдіс
B. коммуникативтік біліктілік
C. коммуникативтік дағдылар
D. коммуникативтік потенциал
E. коммуникативтік әрекет
10. Коммуникативтілік төзімділіктің (толеранттық) құрама бөлігі болып ... есептеледі.
A. шыдамдылық, мейірімділік
B. білгерлік
C. мәдениеттілік,сыпайылық
D. алғырлық,ептілік
E. беделділік

**Ситуациялық есептер:**
**№1 Есеп.**
**Ситуациялық есеп №1**
Сіз білетін үлкен көпсалалы аурухананың мысалында мейірбикелік қызметті басқару құрылымын сызыңыз.
Сіздің ойыңызша, мейірбикелік қызметті басқару құрылымын қалай оңтайландыруға болады?
**Ситуациялық есеп №2**
Епу-дағы мейірбикелік кадрларды басқару құрылымы сызықтық, екі деңгейлі және көлденең пішінді. Оны сызыңыз.
Мұндай құрылымның артықшылықтары …
Мұндай құрылымның кемшіліктері …

Қазіргі кезеңде мейірбикелік қызметті басқарудың оңтайлы құрылымын ұсыныңыз және негіздеңіз.

**2- сабақ**

**1. Тақырыбы: Топтағы,ұжымдағы тұлғааралық қатынастар. Медицина қызметкері мен науқас арасындағы өзара қарым-қатынас.**
**2. Мақсаты:** Студенттерге медицина қызметкері мен науқас арасындағы өзара қарым-қатынас туралы түсіндіру.
**3. Студент білуі тиіс:**
Топтағы, ұжымдағы тұлғааралық қатынастарды
**Студент істей білуі тиіс:**
Медицина қызметкері мен науқас арасындағы өзара қарым-қатынас дағдыларын
**4. Негізгі сұрақтар:**
1. Дәрігер - науқас арақатынасының түрлері.
2. Топтағы,ұжымдағы тұлғааралық қатынастар.
**5. Білім берудің және оқытудың әдістері (шағын топтар, пікірталас, жағдайлық есептер, жұптасып жұмыс істеу, презентациялар, кейс-стади және т.б.):**
1. Тақырып бойынша сұрақтарды колдана отырып отырып, тақырыпты талдау.
2.Кіші топтармен жұмыс істеу.
3.ТСО-дан қолдану ( ПК, мултимедиалық проектор) сабақ тақырыбын презентациялау.
4.Ситуациялық есептерді шешу.
5.Тақырып бойынша тестерді шешу.
**6.Әдебиеттер:** Соңғы бетті қараңыз.
**7. Бақылау (тесттер, есептер және басқалар)**
**Тесттер:**
1. Медицина қызметкерінің науқаспен жанасуға ықпалдануы, адамға басқа адамдардың қажеттілігі ... деп аталады.
A. аффилиация
B. идентификация
C. рефлексия
D. эмпатия
E. сенситивтілік
2. Қоршаған адамдардың теріс көзқарасын қабылдау қабілеті ... деп аталады.
A. сенситивтілік
B. идентификация
C. рефлексия
D. эмпатия
E. аффилиация
3. Ұғыну үшін өзін басқа адамның орнына қою арқылы өзін-өзі сезініп түсіну, яғни басқа адамды өзімен салыстыру ... деп аталады.
A. идентификация
B. рефлексия
C. эмпатия
D. сенситивтілік
E. аффилиация
4. Ара қатынас партнерлерінің бір-бірімен ақпарат алмасуы, білімді ой-пікірді, сезімді беруімен қабылдау үрдісі ... деп аталады.
A. коммуникация
B. диалог

C. манипуляция
D. интеракция
E. перцепция
5. Қарым-қатынастың жеке қашықтығы:
A. 40 см ден 1,5 м дейін
B. 1,5 м ден 3-4 м дейін
C. 0 ден 40 см дейін
D. 4 м ден жоғары
E. 6 м ден жоғары
6. Қарым-қатынастың ашық (көпшілік) қашықтығы:
A. 4 м ден жоғары
B. ден 40 см дейін
C. 40 тан 1,5 м дейін
D. 1,5 м ден 3 м дейін
E. 3 м ден 4 м дейін
7. Ауруға деген субьективті көзқарас ... деп аталады.
A. аурудың ішкі сипаты
B. анозогнозия
C. ипохондрия
D. рефлексия
E. эгоцентризм
8. Жылдам сөйлеу әдетте ... науқасқа тән.
A. мазасыз
B. депрессивті
C. ипохондриялық уайымы бар
D. симуляция әрекетін көрсететін
E. тұрақтану, байлану белгілері бар
9. Иық пен басты қатыстыратын қол қимылы - ... деп аталады.
A. жест
B. қалып
C. мимикалық реакциялар
D. паралингвисткалық бөлшек
E. еріксіз қимылдар
10. Американ мәдениетіндегі «о, кей» - бұл ... жест.
A. ұлттық
B. экспрессивтік
C. корпоративтік
D. кәсіби
E. ұлтаралық

**Ситуациялық есептер:**
**Ситуациялық есеп №3**
Аурухананың травматологиялық бөлімшесінде жұмыстың қиындауына байланысты мейірбикелермен қамтылмаған, кадрлардың жоғары ағымы байқалады, жұмысқа қосымша қызметкерлер қабылданады. Мейірбикелердің жұмыс кестесін аға мейірбике құрастырады, содан кейін кадр бөлімінде бекітеді. Қосымша қызметкерлердің негізгі жұмыс орнымен кестесі сай келмегендіктен өте жиі кезекшілік ауысады, мейірбикелер арасындағы келіспеушіліктер салдарынан жұмысқа шықпай қалған жағдайларда болды.
Аға мейірбике бұл жағдайдан шығу үшін мейірбикелерге Еңбек заңындағы талапқа сай кесте үлгісін құрастыруды ұсынды.

**Аға мейірбике басқарудың қандай үрдісін қолданды?**
1. Қызметтерін бөліп беру.
2. Жоспарлау.
3. Жұмысшылардың жеке ерекшеліктерінің тізімі.
4. Шешім қабылдау барысына орындаушыларды барынша тарту

**Ситуациялық есеп №4**
Хирургиялық бөлімше негізі жоспарлы түрде операция жасайды. Шұғыл операциялар тек арнайы жағдайда аз жүргізіледі. 1 ай бұрын бөлім меңгерушісі мен аға мейірбике қалалық аурухананың хирургиялық бөлімшесінің және науқастарды қабылдау бөлмесінің жабылатыны туралы ақпарат алды. Бөлімшенің үзіліссіз жұмыс істеуі үшін, сатып алу мүмкіндігі туындағанда немесе уақытша қалалақ ауруханадан алып қолдану барысын талқылау үшін аға мейірбике таңу материалдарының, дезинфекциялық заттардың, стерилизациялық жабдықтардың қажеттілігін есептеп шықты.
**Аға мейірбике менеджменттің қандай функциясын жүзеге асырды?**
1. Жоспарлау.
2. Ұйымдастыру.
3. Координация.
4. Мотивация.
5. Бақылау.

## 3 – сабақ

**1. Тақырып:** Науқаска бағытталған оқытудың принциптері мен әдістері.
**2. Мақсаты.** Студенттерге науқасты оқыту жайында түсінік беру. Пациентті оқытудың мақсаты, пациентті оқыту жоспарымен таныстыру.
**3. Студент білуі тиіс:**
Науқасқа бағытталған оқытудың принциптерін
**Студент істей білуі тиіс:**
Науқасқа бағытталған оқыту жоспарын
**4.Негізгі сұрақтар:**
1. Пациентті оқытудың мақсаты?
2. Пациентті оқытуда тиімді нәтижеге жету үшін қандай әдістерді қолдануға болады?
**5. Білім берудің және оқытудың әдістері (шағын топтар, пікірталас, жағдайлық есептер, жұптасып жұмыс істеу, презентациялар, кейс-стади және т.б.):**
1. Тақырып бойынша сұрақтарды колдана отырып отырып, тақырыпты талдау.
2. Кіші топтармен жұмыс істеу.
3. ТСО-дан қолдану ( ПК, мултимедиалық проектор) сабақ тақырыбын презентациялау.
4. Ситуациялық есептерді шешу.
5. Тақырып бойынша тестерді шешу.
**6. Әдебиеттер:** Соңғы бетті қараңыз.
**7. Бақылау (тесттер, есептер және басқалар)**
**Тесттер:**
1. Мақсатына қарай тұлға аралық қатынастың түрлеріне ... жатады.
A. императив,манипуляция, диалог
B. императация, манипуляция, перцепция
C. манипуляция, интеракция, императив
D. манипуляция,интеракция, диалог
E. интеракция,диалог,императив

2. Медицина қызметкерінің салмақтылығы, біркелкі күйде болуы, эмоцияларын және тәртібін сақтап бақылауы ... деп аталады.
A. коммуникативтік төзімділік
B. коммуникативтік үрдіс
C. коммуникативтік біліктілік
D. коммуникативтік дағдылар
E. коммуникативтік потенциал
3. Вербальды және вербалды емес тәсілдерді нәтижелі қолдана білуі арқылы қарым-қатынас жасау қабілеті ... деп аталады.
A. коммуникативтік біліктілік
B. коммуникативтік үрдіс
C. коммуникативтік дағдылар
D. коммуникативтік потенциал
E. коммуникативтік төзімділік
4. Коммуникативтік үрдіске ... жатады.
A. қарым-қатынас жасау арқылы адамдардың ойларымен, көңіл-күйімен және мүдделерімен танысуы
B. басқа адамдармен байланысу, қарым-қатынас орнату
C. адамдардың қатынасу үшін белгілі жүйе ретінде сөзді пайдалану
D. қатынасу үшін тілден басқа белгілерді қосымша пайдалану
E. вербальды және вербалды емес тәсілдерді нәтижелі қолдана білуі арқылы қарым-қатынас жасау қабілеті
5. Вербальды коммуникацияға ... жатады.
A. белгі жүйесі ретінде сөзді пайдалану
B. тілден басқа белгілерді қосымша пайдалану
C. адамдар сұхбаттаса келе, бірін-бірі түсінісуі
D. басқа адамдармен байланысу, қарым-қатынас орнатуы
E. өзара қимыл ұйымдастыруы
6. Вербальды емес коммуникацияға ... жатады.
A. тілден басқа белгілерді қосымша пайдалану
B. белгі жүйесі ретінде сөзді пайдалану
C. адамдардың сұхбаттасып бірін-бірі түсінісуі
D. басқа адамдармен байланысуы
E. өзара қимыл ұйымдастыруы
7. Мимикаға ... жатады.
A. бет қимылы
B. дауыс ырғағы, жест
C. дене қимылы
D. жест,пантомимика
E. дауыс ырғағы, дене қимылы
8. Жестикуляцияға ... жатады.
A. дене қимылы
B. дауыс ырғағы, жест
C. жест,мимика,пантомимика
D. бет қимылы
E. дауыс ырғағы, дене қимылы
9. Визуальды қатынасуға ... жатады.
A. көз жанасуы
B. сөз арқылы жанасу
C. қимыл-әрекет арқылы қатынас жасау

D. бет қимылы
E. диалог арқылы қарым-қатынас жасау
10. Қарым-қатынастың қалыпты жағдайында адамға тік қарау мезгілі ... аспауы керек.
A. 3 секундтан
B. 1 минуттан
C. 30 секунттан
D. 2 минуттан
E. 3 минуттан

**Ситуациялық есептер:**
**Ситуациялық есеп №5**
1. Хирургия бөлімшесінде іш қуысына отау жасалған науқас жатыр. Отаудан кейінгі жарасы ұзақ жазылуда, осы бөлімшеге түскен науқастардың барлығын отау жасауға қарсы пікірін айтып жүр, яғни хирург отау жасай алмайды деп, науқастардың сөзін мейірбике естіп қалды, мейірбике не істеу қажет.
2. Палатада қатерлі ісікпен ауыратын науқас жатыр, өзінің диагнозын білмейді. Ол мейірбикеге аурутарихын әкелуді өтінді. Мейірбикенің әрекеті.
3. Науқас невралоигия бөлімшесінде жатыр. Қабырғада ілініп тұрған санитарлы ағарту жұмысына арналған тақтаны көріп, өзін спид пен ауырамын деп шешті. Мейірбике әрекеті.

## 4 – сабақ

**1. Тақырып:** Науқасқа бағытталған оқытуда кеңес берудің базалық дағдылары. Науқасқа бағытталған кеңес берудің негізгі стратегиялары.
**2. Мақсаты.** Студенттерге науқасқа бағытталған кеңес берудің негізгі стратегияларымен таныстыру.
**3. Студент білуі тиіс:**
Коммуникация арнасын, коммуникатор қызметтерін
**Студент істей білуі тиіс:**
Науқасқа кеңес беру дағдыларын үйрету.
Кеңес берудің негізгі дағдыларын үйрету.
**4.Негізгі сұрақтар:**
Науқасқа бағытталған оқытудың базалық дағдылары.
**5. Білім берудің және оқытудың әдістері (шағын топтар, пікірталас, жағдайлық есептер, жұптасып жұмыс істеу, презентациялар, кейс-стади және т.б.):**
1. Тақырып бойынша сұрақтарды колдана отырып отырып, тақырыпты талдау.
2. Кіші топтармен жұмыс істеу.
3. ТСО-дан қолдану ( ПК, мултимедиалық проектор) сабақ тақырыбын презентациялау.
4. Ситуациялық есептерді шешу.
5. Тақырып бойынша тестерді шешу.
**6. Әдебиеттер:** Соңғы бетті қараңыз.
**7. Бақылау (тесттер, есептер және басқалар)**
**Тесттер:**
1. Түйсік, қабылдау, елестету, ойлау, ес психикалық ... тиесілі.
A. үдеріске
B. қасиетке
C. жағдайға
D. білім беруге
E. элементке
2. Түрлі дыбыстар-жөтелу, ыңырсу, есінеу, терең демалу, сөйлесу ... жатады.

A. паралингвистикалық компоненттерге
B. оптико-кинетикалық жүйеге
C. визуалды қатынасқа
D. вокалдық құралға
E. вербальды қатынасқа
3. Реалистік таласқа ... жатады.
A. шындықты ісдестіре келе, өз мәліметінің жеткіліксіздігін толықтыру
B. шындықты іздестіруге бейімделмеу
C. "қайтсем де жеңіске жетем" деген ойдың болмауы
D. шындыққа жетем деген ойдың болмауы
E. шындықты іздестіруге мәліметінің жеткіліксіздігі
4. Науқастың мейірбикенің тәртібіне әсері ... деп аталады.
A. "керісінше байланыс"
B. "коммуникативті байланыс"
C. "қарқынды байланыс"
D. "мейірбикелік байланыс"
E. "тиісті байланыс"
5. Коммуникативті кедергінің фонетикалық түрі ... байқалады.
A. өте тез сөйлегенде, тіл және дикция ақаулары болған жағдайда
B. жасына, мамандығына байланысты
C. тілі жағдаятқа сәйкес болмаса
D. медицина қызметкерінің тілі науқасқа түсініксіз болған жағдайда
E. теріс негативі эмоциялық жағдайда
6. Коммуникативті кедергінің семантикалық түрі ... дамиды.
A. адамның жасына, мамандығына байланысты
B. науқас пен мед.қызметкерінің сөйлеу мәнеріне байланысты
C. жағымсыз эмоцияларға байланысты
D. науқастың ішкі сезіміне байланысты
E. науқас пен мед.қызметкерінің интелект айырмашылығына байланысты
7. Коммуникативті кедергілердің қатынасу бөгеттері ... дамиды.
A. негативті эмоцияларға байланысты
B. адамның жасына байланысты
C. медициналық қызметкер науқасқа айқын емес сөйлегенде
D. мәдени, білім дәрежесіне сай емес сөздерді қолданғанда
E. медицина қызметкерінің тілі түсініксіз,ақиқатқа сай емес болған жағдайда
8. Интровертті науқастарға ... белгілері тән.
A. тұйықтық
B. көп сөйлеу
C. ауру белгілерін жасырмау
D. көп сұрақ қою
E. еркіндік
9. Конфликт - латынның "conflictus" деген сөзінің қазақша мағынасы:
A. шекісу
B. ашу
C. ыза
D. қарсыластық
E. немқұрайдылық
10. Қақтығыстар ... топтарға бөлінеді.
A. горизонтальды, вертикальды, аралас
B. аралас, тік, вертикальды

C. горизонтальды,тік, вертикальды
D. вертикальды, тік
E. горизонтальды, аралас,тік

**Ситуациялық есептер:**
Сіз ЕПҰ – да жұмыс істейсіз, ондағы бас дәрігер әр таңда орынбасарларын «қуаттандыруды» өзінің борышы деп санайды. Өз кезегінде олар ұжымда қолайсыз жағдайларды орнатты. Ұжымды ынталандыру қорқыту арқылы іске асырылды, қызметкерлердің бастамасы елеусіз қалады, ал басшының шешімі өзгерісіз қалады. Нәтижесінде қызметкерлердің жұмыстан шығу жағдайлары жиілеп кетті.
**Бұл ЕПҰ – дағы басқару стилін анықтаңыз және сипаттаңыз; орын алған жағдайды дұрыстауға ұсыныс беріңіз.**

## 5 – сабақ

**1. Тақырып:** Науқасты оқыту кезеңдері: пациент туралы ақпарат жинау, пациенттің қажеттілігі мен проблемаларын анықтау.
**2. Мақсаты.** Студенттерге науқасты оқыту кезеңдері жайында түсінік беру.
**3. Студент білуі тиіс:**
Науқас туралы дұрыс ақпарат жинауды
**Студент істей білуі тиіс:**
Науқастың қажеттіліктері мен проблемаларын анықтауды
**4.Негізгі сұрақтар:**
Мейіргердің пациентті оқытудың кезеңдері.
Пациенттің проблемаларын анықтау.
**5. Білім берудің және оқытудың әдістері (шағын топтар, пікірталас, жағдайлық есептер, жұптасып жұмыс істеу, презентациялар, кейс-стади және т.б.):**
1. Тақырып бойынша сұрақтарды колдана отырып отырып, тақырыпты талдау.
2. Кіші топтармен жұмыс істеу.
3. ТСО-дан қолдану ( ПК, мултимедиалық проектор) сабақ тақырыбын презентациялау.
4. Ситуациялық есептерді шешу.
5. Тақырып бойынша тестерді шешу.
**6. Әдебиеттер:** Соңғы бетті қараңыз.
**7. Бақылау (тесттер, есептер және басқалар)**
**Тесттер:**
1. Горизонтальды қақтығыс ... болады.
A. бір қатардағы қызметтестер арасында
B. тұлға және мекеме арасында
C. жеке топтар арасында
D. мекеме аралық
E. бағыныштм адамдар арасында
2. Вертикальды қақтығыс ... болады.
A. бір-біріне бағыныштм адамдар арасында
B. бір қатардағы қызметтестер арасында
C. тұлға және мекеме арасында
D. жеке топтар арасында
E. мекеме аралық
3. Қызметтестер арасындағы қақтығыстардың ұйымдастырушылық маңыздылығына орай конфликттер ... топқа бөлінеді.
A. конструктивтік және деструктивтік

B. вертикальды және горизонтальды
C. вертикальды және деструктивтік
D. горизонтальды және конструктивтік
E. аралас және горизонтальды
4. Қақтығыс ... деңгейден тұрады.
A. 3
B. 4
C. 5
D. 2
E. 1
5. Бұл әдісте адам қақтығыстан кетуге тырысады, дәлірек айтқанда келіспеушілік туғызатын сұрақтарды талқыға салмау ... деп аталады.
A. бас тарту
B. көндіру
C. мәжбүрлеу
D. компромисс
E. проблеманы шешу
6. Адамның басқалардың көзқарастарымен санаспай, өз ойын қайткен күнде де басқаға мойындатуы ... деп айтылады.
A. мәжбүрлеу
B. бас тарту
C. көндіру
D. компромисс
E. проблеманы шешу
7. Екі жақ кейбір ойларынан бас тартып екеуіне де тиімді ортақ шешім қабылдауы ... деп айтылады.
A. компромисс
B. бас тарту
C. көндіру
D. мәжбүрлеу
E. проблеманы шешу
8. Қақтығысқа кірген медициналық қызметкер, одан сәтті шығуы үшін ... қажет.
A. науқасқа қатаң түрде ескерту жасау
B. ең алдымен қарсыласына айтарын толық айтуға мүмкіншілік беруі
C. қайырымдылық көңілін білдіруі
D. өзінің антипатиясын қарсыласына көрсетпеуі
E. науқастың ақылдылығына күмән білдірмеуі
9. Бір-біріне бағынбайтын адамдар арасындағы қақтығыс ... деп аталады.
A. вертикальды
B. деструктивті
C. горизонтальды
D. аралас
E. шекісу
10. Клиникалық интервью ... сатыдан құралады.
A. төрт
B. бір
C. екі
D. үш
E. бес

**Ситуациялық есептер:**
Сіз емхананың бас мейірбикесі қызметіне жұмысқа кірістіңіз. Сіз ұжыммен жақсы болуға тырысасыз, кеңес бересіз, өзіңізде де олардан сондай жауап пен ұсыныс күтесіз. Бірақта күтілетін белсенділік пен қызығушылық орнына, сіз іскерлік байланыс барысында қанағаттанарлықсыз тәртіп қиындықтарға тап боласыз. Өзіңіздің басқару стильіңізді анықтаңыз, оны қолданбайтын себептер орнатыңыз.
Бұл ұжымға басқару стильнің қай түрі сай келеді? Бұл стильді қолдануды негіздеңіз?

## 6 – сабақ

**1. Тақырып:** Науқаспен және отбасымен қарым-қатынастың маңыздылығы.
**2. Мақсаты.** Студенттерге науқаспен және отбасымен қарым-қатынастың маңыздылығын түсіндіру.
**3. Студент білуі тиіс:**
Науқаспен және отбасымен қарым-қатынас құрудың ережелерін
**Студент істей білуі тиіс:**
Науқаспен және отбасымен қарым-қатынас құруды
**4.Негізгі сұрақтар:**
Мейіргер – емделуші арасындағы қарым-қатынастар.
Мейіргер – емделушінің туысқандары (және жақындары)» арасындағы қарым-қатынастар.
**5. Білім берудің және оқытудың әдістері (шағын топтар, пікірталас, жағдайлық есептер, жұптасып жұмыс істеу, презентациялар, кейс-стади және т.б.):**
1. Тақырып бойынша сұрақтарды колдана отырып отырып, тақырыпты талдау.
2. Кіші топтармен жұмыс істеу.
3. ТСО-дан қолдану ( ПК, мултимедиалық проектор) сабақ тақырыбын презентациялау.
4. Ситуациялық есептерді шешу.
5. Тақырып бойынша тестерді шешу.
**6. Әдебиеттер:**
**Негізгі әдебиеттер:**
1.Нуржанбаева Ж.О. Психология және мәдениеттану : оқу-әдістемелік құралы / Ж. О. Нуржанбаева, Ғ. С. Айдарбекова, Ә. С. Еркінбекова. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 222 бет.
2.Нуржанбаева Ж.О. Психология и культурология : учебно методическое пособие / Ж.О. Нуржанбаева, Г.С. Айдарбекова, А.С. Еркинбекова. - Караганда : АҚНҰР, 2019. - 222 бет
3.Коммуникативтік дағдылар : анықтамалық = Коммуникативные навыки : справ. изд. = Communication skilis / Л. Л. Мациевская [ж. б.] ; М-во здравоохранения РК; КГМУ. - Алматы : Эверо, 2013. - 86 бет. с.
4.Молотов-Лучанский В. Б.
Коммуникативные навыки : учеб. пособие / В. Б. Молотов-Лучанский, Л. Л. Мациевская, Н. А. Цаюкова. - Алматы : Эверо, 2014. - 138 с.
5.Датхаев У. М.
Коммуникативтік дағдылар : оқулық / У. М. Датхаев, М. А. Асимов, А. А. Сұлтанбеков. - Алматы : Эверо, 2016. - 260 бет.
6.Кемелбеков, Қ. Б. Қазақтың әдеп мәдениеті: оқу құралы / - Алматы : Эверо, 2016. - 140 бет. с.
7.Акошева М. К.
Интерпретация и понимание в теории речевой коммуникации : монография / М. К. Акошева. - Алматы : Эпиграф, 2022. - 232 б. с

8.Майерс, Д. Әлеуметтік психология= Social Psychology : оқулық / Д. Майерс, Ж. Туенж ; Қаз.тіл.ауд. Г.Қ. Айқынбаева [және т.б.]. - 12- басылым. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 648 б. с. : (Рухани жаңғыру).
9.Аронсон, Эллиот Көпке ұмтылған жалғыз= The Social Animal : әлеуметтік психологияға кіріспе:оқулық / Э. Аронсон ; ауд.Д.Д.Дүйсенбеков [және т.б.]. - 11-бас. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 408 б. с. : [Рухани жаңғыру].
10.Психология и педагогика для студентов медицинских вузов. 1 ч. : учебник / под ред. Н. В. Кудрявой. - Алматы : Эверо, 2017. - 196 с.
11.Психология и педагогика для студентов медицинских вузов. 2 ч.] : учебник / под ред. Н. В. Кудрявой. - Алматы : Эверо, 2017. - 192 с.
12.Психология и педагогика. Ч. 1: учебник для стом. фак. / под ред. Н. В. Кудрявой. - ". - Алматы : Эверо, 2016. - 284 с.
13.Психология и педагогика. Ч. 2: учебник для студ. стом. фак. / под ред. Н. В. Кудрявой. - ; - Алматы : Эверо, 2016. - 184 с.
14.Арнд П. Психоматика и психотерапия.-М.:МЕДпресс-информ,2014.
Жарықбаев, Қ. Жантану: оқулық. - Алматы : Эверо, 2014.
15.Оспанова, Ж. Б. Психология управления : учеб. пособия. - Алматы : Эверо, 2014. - 160
Магзумова Р.З. Организационная психология в медицинских организациях: учебное пособие Эверо2014.
16.Көбекова, Ж. С. Психология негіздері: оқу құралы. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013
Лукацкий, М. А Психология : учеб. для вузов - 2-е изд., испр. и доп ; Рек. Учеб.-методическим объед. по мед. и фарм. образованию вузов России. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013.
17.Островская, И. В. Психология . - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2013.
18.ТурдалиеваШ.Т. Қарым-қатынас психологиясы:оқу құралы.-Эверо2013.

**Қосымша әдебиеттер:**

1. Уоллейс, П. Интернет психологиясы [Мәтін] = The psychology jf the internet : оқулық / П. Уоллейс ; қаз.тіл. ауд. Е. Жеңісұлы [жәнет.б.]. - 2-ші бас. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019
2. Коммуникативтік дағдылар : анықтамалық = Коммуникативные навыки : справочник = Communication skills : directory / Л. Л. Мациевская [и др.]. - Алматы : Эверо, 2014. - 118 бет. с
3. Пинкер, С. Тіл-инстинкт [Текст] = The language instinct : оқулық / С. Пинкер ; Қаз. тіл ауд. Ш. Құрманбайұлы [және т.б.]. - Алматы : Ұлттық аударма бюросы, 2019.
4. Шульц, Д. П. Қазіргі психология тарихы: монография = A Histofy of Modern Psychology : монография / Д.П.Шульц,С.Э.Шульц ; қаз.тіл. ауд.Б.Қ.Ақын [жәнет.б.]. - 11-бас. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 448 б. с. : сур.[Рухани жаңғыру].
5. Бекешова, Г. У. Основы психологии: учебно-методическое пособие / - Алматы : Эверо, 2017. - 208 с.
6. Алешанова, Л. В. Темперамент и характер: методическое пособие / Л. В. Алешанова, Н. Б. Смирнова. - Алматы : Эверо, 2017. - 92 с.
7. Ларенцова, Л. И. Взаимодейтсвие врача и пациента: психология гармоничных взаимоотношений: учебно-методическое пособие / Алматы : Эверо, 2017. - 112 с. -
8. Зорин, К. В. Введение в пренатальную педагогику и психологию здоровья: учебно-методическое пособие /. - Алматы : Эверо, 2017. - 76 с.
9. Туркпен-улы, Ж. Основы общей и педагогической психологии учеб.-методическое пособие для студентов высшей школы. - Алматы : Эверо, 2014. - 228 с.

**7.Интернет-ресурс**

1. М.А. Асимов, С.А. Нұрмағамбетова, Ю.В. Игнатьев
КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАР Оқулық Қарағанды 2017

https://aknurpress.kz/reader/web/1548
2. М.А. Асимов, С.А. Нұрмағамбетова, Ю.В. Игнатьев КОММУНИКАТИВТІК ДАҒДЫЛАР Оқулық Қарағанды 2017
https://aknurpress.kz/reader/web/1548
3. Датхаев У.М.Коммуникативтік дағдылар: оқулық/У.М. Датхаев, М.А. Асимов, А.А.Сұлтанбеков. – Алматы: Эверо, 2020. – 260 б. https://www.elib.kz/ru/search/read_book/3006/

**8.Оқыту және оқыту әдістері**:
Дәріс: шолу

**9. Бақылау (тесттер, есептер және басқалар)**

**Тесттер:**

1. Құпиялық кепілділігі клиентке ... ұсынылады.
A. интервьюдің 1-ші сатысында
B. интервьюдің 2-ші сатысында
C. интервьюдің 3-ші сатысында
D. интервьюдің 4-ші сатысында
E. интервьюдің 5-ші сатысында

2. Бірінші интервью ұзақтығы ... минут.
A. 50
B. 20
C. 30
D. 40
E. 60

3. Медицина қызметкерімен науқастың қатынасуының 1-ші кезеңі ... тұрады.
A. сұхбаттың бастауыш мотивтерін анықтаудан
B. аурудың ішкі бейнесін бағалаудан
C. садамның психологиялық бейнесін анықтаудан
D. болжамды емдеу нәтижелерін түсіндіруден
E. дайындық кезеңінен

4. Медицина қызметкерімен науқастың қатынасуының 2-ші кезеңі... тұрады.
A. аурудың ішкі бейнесін бағалаудан
B. сұхбаттың бастауыш мотивтерін анықтаудан
C. адамның психологиялық бейнесін анықтаудан
D. дайындық кезеңінен
E. болжамды емдеу нәтижелерін түсіндіруден

5. Медицина қызметкерімен науқастың қатынасуының 3-ші кезеңі... тұрады.
A. адамның психологиялық бейнесін анықтаудан
B. болжамды емдеу нәтижелерін түсіндіруден
C. сұхбаттың бастауыш мотивтерін анықтаудан
D. аурудың ішкі бейнесін бағалаудан
E. дайындық кезеңінен

6. Сұхбаттасу принциптеріне ... жатпайды.
A. арнайы терминдердің қолданылуы
B. дәрігердің жасаған тұжырымы
C. ірізділік және адекватты, біркелкі болуы
D. сұрастыру алалықсыз, және біркелкі болуы
E. алынған мәліметті тексеру мүмкіншілігі болуы

7. Медициналық сұхбаттасуға сенімділік тудыратыны ... кезең.
A. бірінші
B. үшінші

C. екінші
D. төртінші
E. бесінші
8. Құрылу дәрежесіне қарай ... сұхбаттың бір түріне жатады.
A. стандарттандырылған сұхбат
B. негізгі сұхбат
C. алдын ала жүргізілген сұхбат
D. қадағалау сұхбат
E. индивидуалды сұхбат
9. Интервьюдің негізгі фазаларына ... жатады.
A. адаптация, қойылған мақсатқа жету, қозуды шешу
B. адаптация, синетезия, қойылған мақсатқа жету
C. қозуды шешу, сенсибилизация, қойылған мақсатқа жету
D. синестезия,сенсибилизация, қойылған мақсатқа жету
E. адаптация, сенсибилизация, синестезия
10. Психологтардың мәліметі бойынша, адам туралы пікір танысудың ... уақытында пайда болады.
A. 18 секунд
B. 2 минут
C. 5 минут
D. 30 секунд
E. 45 секунд

**Ситуациялық есептер:**

Егерде штаттық кесте бойынша 75 орын берілген болса, оның 73 орны бос емес, 70 – физикалық тұлғалар саны болса, **стационарда медбикелік қызметпен жабдықталуын бағалаңыз.**

1. Қамтамасыз ету коэфицентін есептеңіз.